

Тендер нысанындағы саудаластықты өткізу туралы хабарландыру:

1. «Шығыс Жылу» акционерлік қоғамы Риддер қаласындағы «Шығыс Жылу» АҚ филиалындағы келесі мүлікті сатуға тендер нысанында сауда-саттық жариялайды:

№ р/н	Мүліктің атауы	Жалпы массасы, тонна	Қара металл сынықтарының құны 1 тонна, теңге	Нарықтағы құны, теңге
1	Құбыр, к/б	4,676	68 000,0	317 968
2	Құбыр, к/б	3,153	68 000,0	214 404
3	Құбыр, к/б	44,762	68 000,0	3 043 816
4	Құбыр, к/б	31,155	68 000,0	2 118 540
5	Құбыр, к/б	22,455	68 000,0	1 526 940
6	Құбыр, к/б	0,877	68 000,0	59 636
7	Құбыр, к/б	0,803	68 000,0	54 604
8	Құбыр, к/б	2,411	68 000,0	163 948
9	Құбыр, к/б	58,156	68 000,0	3 954 608
10	Құбыр, к/б	98,480	68 000,0	6 696 640
11	Құбыр, к/б	0,327	68 000,0	22 236
12	Құбыр, к/б	0,085	68 000,0	5 780
13	Құбыр, к/б	3,637	68 000,0	247 316
14	Құбыр, к/б	1,587	68 000,0	107 916
15	Ысырма, к/б	0,062	68 000,0	4 216
16	Ысырма, к/б	2,400	68 000,0	163 200
17	Ысырма, к/б	3,000	68 000,0	204 000
	ЖИЫНЫ	278,03		18 905 768

2. Өтінімдерді қабылдау және қатысушыларды тіркеу орны: Риддер қаласы, Бухмейер көшесі, 9, «Шығыс Жылу» АҚ-ның Риддер қаласындағы филиалының ғимараты, 2026 жылғы 12 тамыз сағат 16:00-ге дейін.

Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және 2026 жылғы 12 тамызда аяқталады. Ұсыныстарды белгіленген мерзімнен кешіктіріп беру мерзімді өткізіп алған тұлғаны тендерге қатысушылар қатарынан шығаруға әкеп соғады.

3. Тендерді өткізу күні, орны және уақыты: Риддер қаласы, Бухмейер көшесі, 9, конференц-зал, 2026 жылғы 13 тамыз, сағат 11:00.

4. Сауда-саттықтың нысаны мен әдісі: Сауда-саттық тендер түрінде өткізіледі. Сатып алушы сату объектісін сатып алу бағасы бойынша коммерциялық ұсынысын жабық конвертте ұсынады.

5. Тендерге қатысушылардың кепілдік жарнасы: Кепілдік жарна лот сомасының 1 %-ын құрайды және әрбір лот бойынша жеке-жеке қолма-қол ақшамен Риддер қаласындағы «Шығыс Жылу» АҚ филиалының кассасына немесе келесі деректемелер бойынша енгізіледі:

«Шығыс Жылу» АҚ-ның Риддер қаласындағы филиалы, БСН 230641020167 Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Бухмейер көшесі, 9. ЖСК KZ2994809KZT22031790 Өскемен қаласындағы «Еуразиялық банк» АҚ БСК EURIKZKA.

Кепілдік жарна мынадай жағдайларда Сатушы тарапынан қайтарылмайды:

– Жеңімпаз тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қоюдан немесе сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан жағдайда;

– Сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда.

6. Сату объектісі және тендерді өткізу тәртібі туралы ақпарат алу тәсілдері:

Ақпаратты келесі телефондар арқылы алуға болады: +7 (7232) 701-722 (ішкі 2046), +7-771-178-13-23.

Байланыс тұлғасы – «Шығыс Жылу» АҚ-ның Риддер қаласындағы филиалының бас механигі Кузнецов А.А.

7. Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- тендерге қатысуға өтінім (өтінім нысанын хабарландырудың 6-тармағында көрсетілген тұлғадан алуға болады);
- паспорт немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжат;
- өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;
- сату объектісін сатып алу бағасы бойынша коммерциялық ұсыныс (жабық конвертте ұсынылады);
- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын құжат;
- байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефон, факс, электрондық пошта).

Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары қосымша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін немесе тіркелген заңды тұлға туралы анықтаманы (БСН) ұсынады.

8. Сауда-саттықты өткізу тәртібі, жеңімпазды айқындау шарттары және мәмілені рәсімдеу:

Комиссия сату объектісі үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушыны тендердің жеңімпазы деп жариялайды.

Егер екі немесе одан да көп қатысушының ұсыныстарында бірдей ең жоғары баға көрсетілсе, онда ұсынысы бірдей ең жоғары бағаны қамтитын және тендер талаптарына сәйкес келетін қатысушылардың ішінде өтінімі бұрын қабылданған қатысушы тендердің жеңімпазы болып танылады.

Комиссия коммерциялық ұсыныстары бар конверттер ашылған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей тендердің қорытындысын шығарады.

Тендердің нәтижелері тендер қорытындылары туралы хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға комиссия төрағасы, комиссияның барлық мүшелері тендер аяқталғаннан кейін және жеңімпаз сауда-саттық өткізілген күні қол қояды.

Тендер қорытындылары туралы хаттама тендердің нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату объектісі бойынша сатып алу-сату шартын жасасу жөніндегі міндеттемелерін бекітетін құжат болып табылады.

Жеңімпаз тендер қорытындылары шығарылған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей сатып алу-сату шартын жасауға міндетті.